15 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР ТАРИХИ ДОДА

Биыл нәзіктік пен сұлулықты айқындап, ұлттық мәдениетті насихаттайтын 15 жылдық тарихы бар «Қазақ аруы» байқауы өтті. Бұл тарихи дода 2026 жылдың 3 қарашасында Алматы қаласындағы Республика сарайында ұйымдастырылды. Биыл жобаға еліміздің әр өңірінен іріктелген 22 қатысушы бақ сынады. Дауыс беру онлайн форматта жүргізілді.

Осы жылғы байқаудың басты мақсаты – қазақ қызының ұлттық болмысын, өнерін, білімін және мәдени мұрасын дәріптеу. Сонымен қатар байқаудың басты ерекшелігі – «Қыз Жібек» фильмінің көркемдік мұрасына арналуы. Қатысушылар фильм кейіпкерлерінің бейнесін жаңғыртып, ұлттық киім үлгілерін көпшілік назарына ұсынды. Осы арқылы қазақ халқының мәдени мұрасы мен дәстүрлі өнері дәріптелді.

Бас жүлдені Алматы қаласының өкілі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті, 20 жастағы Асылым Өтепберген иеленді. Ол көрермендердің онлайн дауыс беруі нәтижесінде 17 164 дауыс жинады. Екінші орынға Әйгерім Қайпен, үшінші орынға Сымбат Әбубәкір жайғасты.

«Қазақ аруы» – сұлулықты ғана емес, ұлттық тәрбие, білім мен өнерді ұштастыратын мәдени жоба. Оның басты құндылығы – қазақ қызының ұлттық болмысын дәріптеп, мәдени мұраны келер ұрпаққа жеткізу.